

**«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы»
РМҚК-ның 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларына жүргізілген
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамасы.**

Тараз қаласы

31 қаңтар 2024 жыл.

Ішкі талдау объектісі: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК (бұдан әрі – Кәсіпорын).

Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2024 жылдың 3–31 қаңтар аралығы.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлық фактілеріне қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау жағдайлары мен себептерін анықтау;

Ішкі талдау ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобын құру туралы» (бұдан әрі жұмыс тобы) ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директорының 2023 жылдың 26 желтоқсанында № 62 н/қ бұйрығы негізінде жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобының құрамы:

Жұмыс тобының жетекшісі:

Дастан Сеитбекович Тапелов «Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінің инспекторы, комплаенс офицері, жұмыс тобының жетекшісі.

Жұмыс тобының мүшелері:

Айдана Бесикбаевна Жанбосынова. Бас қор сақтаушы.

Сара Бөкейханқызы Құрманова. «Музей ісі және экскурсиялық қызмет» бөлімінің басшысы.

Ұлжалғас Шаизханқызы Шаизхан. «Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінің басшысы.

Нуржан Салыулы Садбакасов. «Әкімшілік-шаруашылық» бөлімінің басшысы.

Гүлмира Сыргабаевна Ауесханова. «Қаржы және экономикалық жоспарлау» бөлімінің басшысы.

Хатшы:

Кадр жөніндегі инспектор Мадина Шыңғысханқызы Ералиева.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Кәсіпорынның қызметін, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау жасау арқылы таңдамалы жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасымен бекітілген 2023 жылғы 16 қаңтарындағы № 21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдардың 15-тармағына сәйкес қолданылған ақпарат көздері:

1) Талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар;

2) Талдау объектісінің қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік;

4) Талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;

5) Ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;

7) Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

8) Талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

9) Талдау объектісінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін анықтау және жауапқа тарту туралы мәліметтер;

I. Кәсіпорынның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларына құқықтық нормативтік актілердің дұрыс жасакталуы тексерілді.

Жоғарыда аталған мерзім ішінде кәсіпорында жеке құрам бойынша 118 ал негізгі құрам бойынша 64, кадрлық 63 нормативтік акті қабылданған. Сонымен қатар кәсіпорынға 2023 жылы қаңтар-желтоқсан айлары аралығында 259 хат келіп түскен. Кәсіпорыннан 563 хат, хабарлар жіберілген. Осы нормативтік құқықтық актілердің барлығы тексеріліп, талдау жасалынды. Қабылданған нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қайшылықтар орын алмаған. Нормативтік құқықтық актілерді ерікті түрде түсіндіруге мүмкіндік беретін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін, құқықтық кемшіліктерді іске асырған кезде кедергілердің туындауына ықпал ететін, әкімшілік басқарушылық персоналдың өз қарауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін фактілер анықталған жоқ. Құқық қолдану процесінде және лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін талдау объектісін жүзеге асыру барысында туындайтын қарама қайшылықтар мен келіспеушіліктер анықталған жоқ.

Жалпы алғанда кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын жағдайлар анықталған жоқ.

II. Персоналды басқару бағыты

Кәсіпорынның 2023 жылға бекітілген штат саны 58. 2023 жылы 17 қызметкер жұмысқа қабылданып, 25 қызметкер жұмыстан шықты. Оның ішінде 5 қызметкер еңбек шартының мерзімінің аяқталуы себебімен, қалған 20 қызметкермен жұмыскердің бастамасымен өз еркімен еңбек шарты тоқтатылды. Кәсіпорында Кадрлық ауысу 52% құрайды. Бұл салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіш болып саналады. Бұл көрсеткіш жалақының аздығымен және еңбек шарты мерзімінің аяқталуымен түсіндіріледі.

Кәсіпорынға қызметкерлерді жұмысқа қабылдау 2022 жылдың 27 маусымында кәсіпорын директоры бекіткен «Кәсіпорында бос лауазымдарға қабылдау барысында кәсіпорын басшыларымен әңгімелесу өткізудің» регламенті негізінде келесі нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады, атап айтсақ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 209 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мәдениет

ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес жүргізіледі.

2023 жылы Кәсіпорын бойынша 4 қызметкер тәртіптік жазаға тартылған: 1) Д. Тапеловке - 30. 03. 2023 жылы «ескерту» түрінде 2) А. Сағитжанға - 30. 03. 2023 жылы «сөгіс» түрінде 3) А. Құрмантаеваға - 30. 03. 2023 жылы «ескерту» түрінде 4) С. Даутоваға - 30. 03. 2023 жылы «ескерту» түрінде тәртіптік жаза берілген. ҚР Еңбек кодексінің 66-бабының 5-тармағына сәйкес А. Құрмантаева мен С. Даутованың тәртіптік жазасы 18. 05. 2023 ж, Д. Тапелов пен А. Сағитжанның тәртіптік жазасы 28. 08. 2023 жылы 2 ай мен 5 айға дейінгі мерзімде жұмыс берушінің актісі негізінде алынған.

Сонымен бірге 2023 жылы Кәсіпорын қызметкерлеріне ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы 1193 қаулысымен бекітілген Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес: 9 мамыр Жеңіс күні мерекесіне орай, ынталандыру мақсатында «ерекше, маңызды, алдын ала күтілмеген жұмыстарды және күрделі тапсырмаларды орындаған 21 кәсіпорын қызметкеріне 50–100 % сыйақы берілген. 18 мамыр Халықаралық музей күні мерекесіне орай, кәсіпорындағы көктемдік абаттандыру, тазалық жұмыстарына белсенді атсалысқандары, мөлшерден артық жұмыс жасағандары үшін кәсіпорынның 21 қызметкеріне 50–100–200 % мөлшерде сыйақы берілген. 6 шілде Астана күніне орай, атқарған жұмыстарына байланысты кәсіпорынның 16 қызметкеріне 100% сыйақы берілді. 30 тамыз ҚР Конституция күніне орай, атқарған жұмыс нәтижелеріе байланысты кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне 50 % сыйақы берілген. 31 желтоқсан Жаңа жыл мерекесіне орай, атқарған жұмыстарын қорытындылай келе кәсіпорынның 41 қызметкері 160 пайыз, 4 қызметкерге 135 % Кәсіпорынның 2023 жылғы даму жоспарындағы еңбек ақы төлеу қорынан, бюджеттен тыс үнемделген қаражат есебінен сыйақы берілген. Қызметкерлерге әртүрлі мөлшерде сыйақы тағайындауы жұмыс жасау көрсеткішіне және үнемделген қаражатқа байланысты деп түсіндірілді. Сонымен бірге, сыйақы тағайындау барысында тәртіптік жазалары, сынақ мерзімдері бар қызметкерлерге сыйақы берілмегені анықталды.

Қызметкерлерге тәртіптік шара қолдану, сыйақы төлеу, еңбекақыларын есептеп төлеу, еңбек демалысына шығару кездеріндегі қабылданған нормативтік актілерді тексеру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзушылықтары анықталған жоқ. Іссапарлар мен еңбек демалысына жіберу жөнінде тексеріс жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Ал тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерлер А. Сағитжан, А. Құрмантаева мен С. Даутованың әрекеттері экскурсиядан түскен қаражатты өткізу керек екенін білмей, жасыру әрекетіне келетіндіктен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдігін тудырған.

Кәсіпорынның кейбір қызметкерлері арасында кикілжің тудыратын мәселелер туындаған. Кәсіпорын қызметкері Д. Сайлаубеков пен қызметкер Р. Уринбасарованың бір-бірімен дауласуы негізінде бірнеше арыз тіркелген. Арыздың мазмұнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Кәсіпорын қызметкері Д. Сайлаубековтың атынан Мәдениет және спорт министрлігіне 1 арыз, Е-ӨТІНІШ ақпараттық жүйесіне 1 шағым, ҚР Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Жамбыл облысы бойынша «ішкі мемлекеттік аудит департаменты» РМҚК 1 арыз тіркелген. Арыздарға кәсіпорын атынан ресми жауап қайтарылған. Дәлелсіз арыздар негізінде кәсіпорын басшыларында сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша заңсыздық анықталған жоқ. «Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталған жоқ.

III. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2023 жылдың қаржылық есебі

1. 2023 жылға бюджеттен түсетін жоспарланған жылдық қаражат – **154 726,0 мың теңге** (90%), оның ішінде:
 - Қызметкерлердің еңбек ақысы, барлық әлеуметтік салық төлемдерімен (штатта 58 адам) – 122 256,0 мың теңге;
 - Материалдар сатып алуға (кеңсе тауарлары, жанар-жағар майы) – 2 171,0 мың теңге;
 - Коммуналдық қызметке төлем – 9 031,0 мың теңге;
 - Байланыс қызметіне төлем – 1 090,0 мың теңге;
 - Ғимараттарды, үй-жайларды күтіп ұстауға бөлінген қаражат – 18 685,0 мың теңге (күзет қызметі 18 396,0 мың теңге);
 - Өзге де шығындар - 1 493,0 мың теңге.
2. 2023 жылға бюджеттен түскен қаражат - **154 726,0 мың теңге**
3. 2023 жылға бюджеттен түскен қаражаттың **игерілгені, 100% – 154 726,0 мың теңге.**
4. 2023 жылға ақылы қызмет көрсетуден түсетін жоспарланған жылдық қаражат - **17 192,0 мың теңге** (10%)
5. 2023 жылға ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражат - **16 782,2 мың теңге** (ақылы негізде музейге кірген адам саны 112669, оның ішінде ересектер - 63417, зейнеткерлер мен студенттер - 28954, мектеп оқушылары - 20299, экскурсия - 108)
6. 2023 жылға ақылы қызметтен түскен қаражат шығыны - **17 527,7 мың теңге**, оның ішінде:
 - 6 штаттан тыс қызметкерлердің еңбек ақысы, барлық әлеуметтік салық төлемдерімен - 10 406,9 мың теңге;
 - іс-сапар шығындары - 1 578,8 мың теңге;
 - негізгі қорлар сатып алу - 1 039,8 мың теңге;
 - материалдар сатып алуға - 1 072,1 мың теңге;
 - өзге де салық төлемдері - 598,1 мың теңге;
 - іс-шаралар өткізу - 1 213,5 мың теңге;
 - өзге де шаруашылық шығындары - 1 618,5 мың теңге.
7. 2023 жылға демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражат - **5 066,2 мың теңге.**
8. 2023 жылға демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражаттан болған шығын - **6 126,3** тыс.теңге. (шаруашылық заттарын сатып алу, негізгі қорлар сатып алу, тарихи нысандардың аумақтарын аббаттандыру,

көгалдандыру). Қаражатты игеру мәселесі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жұмыс тобының қорытындысы

Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Талдамалық анықтама кәсіпорын басшысына ақпарат үшін ұсынылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау тобының мүшелері :


1. Дастан Сеитбекович Тапелов



2. Айдана Бесикбаевна Жанбосынова



3. Сара Бөкейханқызы Құрманова



4. Ұлжалғас Шаизханқызы Шаизхан



5. Нуржан Салыулы Садбакасов



6. Гүлмира Сыргабаевна Ауесханова



7. Мадина Шыңғысханқызы Ералиева

